



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

бөлімшелер жоқтың қасы. Стационарлық типтегі медико – әлеуметтік мекемелеріндегі қызметті тұтынушылар саны 5 %- ға өсті, яғни 2009 жылы 19 670 адамды құраса, 2013 жылы 20 732 адамды құрады. Негізгі өсім Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарына келеді. Осыған орай балалар психоневрологиялық МӘМ – гі тұтынушылар саны 13 %-ға қысқарды, яғни 2009 жылы – 2363, 2013 жылы – 2090. Бұл арнаулы әлеуметтік қызметтер жүйесінің тиімділігін көрсетіп отыр. Үйде әлеуметтік қызметтерді тұтынушылар саны 19 % - ға өсті, 2009 жылы – 43 316 адам, 2013 жылы – 53 431 адамды құрады.

Жоғарыда айтылғандай арнаулы әлеуметтік қызметтер кешенді жүйе болғандықтан, жоғары мамандандырылған кадрларды қажет етті. Яғни, психология, педагогика, әлеуметтану салаларында білімі болу қажет және әр адамның қажеттіліктерін кешенді түрде бағалай отырып мәселесін шешуге көмектесуі қажет. Осыған орай, әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің ұйымдарында қосымша бірліктер енгізу жолымен штаттар көбейді. Егер бұрында медико – әлеуметтік ұйымдардың штаттарында тәрбиешілер мен кіші медициналық персонал басым болса, қазіргі уақытта олардың орнын мүмкіншілігі шектеулі азаматтардың қажеттіліктерін анықтау мен бағалау қызметін атқаратын әлеуметтік қызметкерлер; арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін мамандардың үйлесімін қамтамасыз ететін әлеуметтік жұмыстың кеңесшілері; методисттер, дефектология, логопедия мамандары; еңбек терапиясы, емдік – физикалық мәдениет, музыкалық мамандар, диетологтар, бір жақты мамандандырылған дәрігерлер; жүйке жүйесі дәрігері, педиатр, физиотерапевт, терапевт және т.б. мамандар басты. Сонымен қатар, арнаулы әлеуметтік қызметтер жүйесі қазірде тұрғылықты тұратын жері жоқ азаматтарға көмек көрсетудің жаңа келістерін енгізуде. Мұндай қызметті тұтынушылар саны 5 мың адамға жуық көрсеткішті құрап отыр, олар арнайы тұрғылықты тұратын жері жоқ азаматтарға арналған 22 әлеуметтік бейімдеу орталықтарында тұрады. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді енгізу соңғы 3 жыл ішінде өзінің өзектілігі мен уақыттылығын дәлелдеді. Ал «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңы өмірлік қиын жағдайдан шығу үшін тең жағдайлар мен мүмкіндіктерді құруға үлкен қадам болды.

Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңы;
2. «Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1222 қаулысы;
3. Статья «Пути совершенствования системы специальных социальных услуг», МЗСР РК, Комитет труда, социальной защиты и миграции, Алматы, 2013год; Итоговые отчеты по специальным социальным услугам 2010 – 2014 года;
4. Статья «Деятельность неправительственных организаций на рынке социальных услуг Казахстана» А.М.Нысанбаева;
5. Заключительный отчет международного консультанта Л.Муранскене по теме: «Международный опыт и разработка рекомендаций по введению норматива сети объектов, оказывающих ССУ и подушевого финансирования. Концептуальное видение развития сети домов малой вместимости», 15 декабря 2013 года, г.Вильнюс;

УДК 316.334.3:351

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТАЛДАУ МЕН БАҒАЛАУ – МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ СФЕРАДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ РЕТІНДЕ

Қалмет Мәдина Қажмұханқызы

kmk777@inbox.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің Әлеуметтік жұмыс

Мемлекеттік бағдарламаларды талдау және бағалау – XX ғасырдың ортасында Батыс елдерінің мемлекеттік басқарудың ғылыми және тәжірибелік сферасында пайда болған құбылыс. Соңғы уақытта бағдарламаларды талдау және бағалаудың өзектілігі халықаралық ұйымдардың тәжірибесінде дамушы елдерде даму бағдарламасын өткізу мен нәтижеге бағытталған басқару және сапалы басқару идеясын таратудың арқасында артты. Бағалау (бұдан әрі бағдарламаларды талдау мен бағалау сөзіне жалпылама түрде қолданылады) пәнаралық білім беру ретінде әртүрлі қоғамдық ғылымдар торабында, олардың зерттеу әдістерін ішінара өзіне ала келе пайда болды – мемлекеттік басқару, экономика, құқықтану, әлеуметтану, менеджмент.

Бағдарламаларды талдау мен бағалаудың жалпы сферасы өзімен бірге мемлекеттік және жергілікті бағдарламалар («program feedback data») бойынша кері байланыс мәліметтерін алатын басқару аймағын көрсетеді. Осы жалпы сфера шеңберінде мақсатқа, зерттеу жүргізу тәсіліне, тапсырыс беруші бағдарына және т.с.с. тәуелді түрде келесідей бөлінеді: (1) «тиімділікті өлшеу» немесе «нәтижелілік мониторингі» (“performance measurement”), (2) «мониторнг» (“monitoring”) және (3) тар мағынада «бағдарламаны бағалау» (“program evaluation”) [1].

Сонымен «бағдарламаларды талдау және бағалау» терминін сатылық сипаттамаға ие және мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруда олардың тиімділігі мен нәтижелілігін көбейтуге, сондай-ақ билік органдарының азаматтар алдында есеп беру міндеттілігін жоғарылатуға шақырылған барлық саяси-басқарушылық циклiне енуші басқару функциясы ретінде түсінеміз.

Бағдарламаларды талдау және бағалауға әртүрлі анықтамалар берілген.

Бағалаудың ғылыми пәні мен тәжірибесінің дамуына үлкен үлес қосушы М. Скривен 1978 жылы бағалау терминіне келесідей анықтама берді және ол қазіргі таңда да қолданылып келеді: «Бағалау» термині бір нәрсенің құндылығын, пайдасын немесе маңыздылығын анықтау процесіне, сондай-ақ сол процестің нәтижесіне жатады. Бағалау процесінде зерттеуші бағалау пәніне қолданылатын сәйкес құндылықты немесе стандартты анықтайды, әлеуметтік ғылымдар әдістерін қолданып эмпирикалық зерттеу жүргізеді, содан соң қорытындылар мен стандарттарды жалпы бағалаумен біріктіреді» [2].

А. И. Кузьниннің пікірі бойынша, «бағдарламаны бағалау – бағдарлама жайлы пайымдама шығару, бағдарламаның тиімділігін арттыру және/ немесе болашаққа жоспар құру үшін бағдарлама шеңберінде оның іс-әрекеті, сипаттамасы мен нәтижесі туралы жүйелік ақпарат жинау» [3].

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы келесідей анықтама береді: «Бағалау – бұл жоспарланған, ағымдық немесе аяқталған жоба немесе бағдарлама, оның әзірлеу, жүзеге асыру және нәтижесін жүйелі және объективті бағалау. Бағалау мақсаты релеванттық(ақпараттық сауал мен алынған хабар мазмұнының сай келуі) және міндетті орындау деңгейі, тиімділік, нәтижелілік, ықпал жасау және тұрақтылығын үйренуді анықтаудан тұрады [4].

Енді бағдарламаны талдау мен бағалаудың түрлерін қысқаша атап кетсек. Бағдарламаны талдау және бағалауды зерттеу мақсаты, бағалауды жүзеге асыру саяси шешімнің қай циклінде қабылданғаны, бағалауды кім жүзеге асыруы және т.с.с негіздерге тәуелді түрде жіктеуге болады. Бағдарламаны талдау мен бағалаудың келесідей түрлерге бөлу қабылданған: «бастапқы бағалау» (primary evaluation), «мета-бағалау» (meta-evaluation), «ішкі бағалау» (internal evaluation), «сыртқы бағалау» (external evaluation), «алдын ала» (ex-ante) бағалау, «қорытынды» (ex-post) бағалау және «ілеспелі бағалау» (on-going evaluation) [5].

Бағдарламаларды талдау мен бағалау – мемлекеттік басқару тиімділігін арттырудағы әлеуметтік-саяси сферада қолданылатын ғылыми зерттеу ретінде оң жақтарға ие және келесі

міндеттерді атқарады:

- Бағалау бағдарламаның күшті және әлсіз жақтарын анықтайды, бағдарламаны жүзеге асыру процесін оңтайландыруда мәселелерді ашады, жаңа бағдарламалардың пайдасын бағалауға мүмкіндік береді, бағдарламаның мақсатқа сәйкестілігін тексереді, мүмкін болжанбаған салдарын зерттейді;

- бағдарламаның жұмыс жасауын жүзеге асыру немесе жалғастыру, оны жақсарту, кеңейту немесе қысқартуда шешім қабылдауға ықпал жасайды. Бағалау көмегімен қажеттілік немесе бағдарламаға деген сұранысты орнатуға, оның концепциясын немесе техникалық дұрыстығын тексеруге, бағдарламаны жүзеге асыруда қолданылатын ресурстардың жеткіліктілігін бағалауға болады;

- біліктілікті тексеру арқылы бағдарлама әкімшілігі мен мамандарының іс-әрекетін жақсартуға ықпал жасайды және ресурстарды тиімді қолдануға көмектеседі;

- билікке сенімнің артуында барлық қызығушы тараптарға(демеуші ұйымдарға, саясаткерлерге, бенефициарларға – бағдарламаны алушыларға, салық төлеушілерге) есептік мәліметтерді көрсетуге мүмкіндік жасайды;

- базалық әлеуметтік процестерді түсінуге ықпал жасайды [6].

С. Андерсон бағалауды жүргізу қажет емес жағдайларды келтіреді:

- бағдарлама шағын бюджетте адам саны аз қамтылған жағдайда;

- бағдарлама бірреттік болған жағдайда;

- бағалау нәтижесі адамдардың өміріне, денсаулығына және қауіпсіздігіне теріс әсер ететін жағдайда;

- бағалау нәтижесі ары қарай қолданылмайтын жағдайда;

- бағдарламадағы шектеу жауапты кәсіби бағалауға кедергі келтіретін жағдайда;

- білікті бағалаушылар жоқ болған жағдайда [7].

Бағдарламаларды талдау және бағалауды жүргізуде зерттеушілер әдістемелік және тәжірибелік мәселелермен жиі кездеседі. Оларды атап өтсек:

- мақсатты нақтылаудағы мәселелер;

- мақсаттар нақты құрастырылған және өлшенетін жағдайда, мақсатқа жету дәрежесін өлшеудегі мәселелер;

- мемлекеттік бағдарламаның мүмкін он жылдан кейін көрінетін «ұйқыдағы» эффектісін бағалаудағы уақыттың шектеулілігі;


- егер бірнеше бағдарлама қатарынан жүзеге асырылып жатса, нақты бір бағдарламаның эффектісін бөліп алу қиындығы.


Қазіргі таңда мақсатқа жетуде тиімді құралдарды іздеу жолындағы жаңа менеджмент концепциясы негізінде басқару жүйесін реформалауға ұмтылмаған мемлекетті табу қиын [8]. Мемлекеттік менеджментті коммерциализациялау қағидасында құрылған жаңа мемлекеттік басқару дамыған әлемнің үлкен бөлігіне тиіп өтті [9].

Қазақстанға келетін болсақ, қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік басқару сферасын қайта құру, қоғамның қазіргі қажеттіліктеріне жауап беретін тиімді және бәсекеге қабілетті мемлекет құруға бағытталған.

2007 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1297 Қаулысымен нәтижеге бағытталған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу Концепциясы бекітілген болатын [10].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлауының жаңа жүйесі келесідей өзара байланысты деңгейді қамтиды (1-сурет).





Дегенмен ҚР нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесі сферасында қабылданып жатқан шараларға қарамастан, келесідей кемшіліктер кездеседі: жоспарлау сапасының төмендігі, яғни мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында көп көрсеткіштер орнатылады, бірақ та іс жүзінде артық сандар жоспарлау сапасын жиі алмастырып отыруы; бюджеттік қаражатты тиімді жұмсауда бағдарлама әкімшілігін мотивациялау жүйесінің жоқтығы; мемлекеттік қаражатты қолдану нәтижесін бағалаудың әдістемелік базасының әлсіздігі [4]. Сонымен қатар елімізде қазіргі таңда жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін және нәтижелілігін бағалауда әдістемелік база жоқтың қасы.

Мемлекеттік бағдарламаларды нәтижесі мен шығыны бойынша бағалау институты Қазақстанда қалыптасу сатысында тұр. Сол себепті бағдарламаларды талдау және бағалау сол бағдарламаны жүзеге асырушы мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырылып келеді. Бұл өз кезегінде бағдарламаны бағалаудың субъективті болып қалуына алып келеді.

Қолданылған әдебиет

1. Вулдридж, Д. М. Оценивание методом «разность разностей» // Квантиль. - 2009. - № 6. - 48 б.
2. Гаталов, Е. Н. Динамика административно-государственной реформы в России (2004-2008 гг.): политологический аспект: автореф. дис. ... канд. полит. наук / Е. Н. Гаталов ; Московский госуд. ун-т им. М. В. Ломоносова. - М., 2010. - 25 б.
3. Государственное управление и политика: Учебное пособие / Под ред. Л. В. Сморгунова. - СПб. : Изд-во СПбГУ, 2002. - 564 б.
4. Измерение эффективности и оценивание в государственном управлении: международный опыт [Текст] : препринт \Р8/2005/01 /
5. Российская социологическая энциклопедия / Под общ. ред. академика РАН Г. В. Осипова. - М. : Норма-Инфра-М, 1998. - 672 б.
6. Кузьмин, А. Мониторинг и оценка социальных программ [Электронный ресурс] / Алексей Кузьмин. - М. - 10 б. - Режим доступа: http://www.edu.gov.az/upload/file_и_оценка_социальных_программ - яз. русск. (дата обращения: 25.11.2011).
7. Курочкин, А. В. Оценивание программ и политик в контексте административной реформы в РФ / А. В. Курочкин // ПОЛИТЭКС. - 2011. - № 1. 117-125 б.
8. Робинсон М. Бюджетирование, ориентированный на результат. / Руководство Clear Regional centers for Learning on Evolution and Results, 2011. - 234 б.
9. Мэнинг Н. Реформа государственного управления. М., 2003. - 358 б.
10. Мусабеков Т. Эффективность государственных расходов в РК и их влияние на развитие экономики в 2000-2011 годах // www.airi.kz